

бастап келген мың кісіден тұратын екінші легін де түгелдей қырады. Бұл ұрыстағы жекпе-жектердің суреттелуі де, екі батырдың тұтас бір қолға қарсы тұруы да - эпостың ғасырлар бойғы дамуы нәтижесінде қалыптасқан типологиялық мотивтер пайдаланылуының тамаша үлгісі.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Мағауин М. Ғасырлар бедері. Алматы: «Жазушы», 1991.
2. Батырлар жыры. Алтыншы том. Алматы: «Жазушы», 1990.
3. Сикалиев А. Ногайский героический эпос. Черкесск, 1994.
4. Мелетинский Е.М. Происхождение героического эпоса. Ранние формы.
5. Толстов С.П. Древний Хорезм.

Резюме

В этом докладе рассматриваются своеобразные особенности эпической поэмы «Каргабойлы, Казтуган», которая входит в состав эпопеи «Сорок крымских богатырей», записанной в исполнении знаменитого сказителя Мурын жырау СENGIRBEКУЛЫ.

ÖZET

Bu makalemizde 1942 yılında meşhur Kazak ozanlarından Murın Jırav Sengirbekoğlu'nun ternnüm etmesiyle kağıda aktarılan "Kırımın Kırık Batırı" (Kırım'ın Kırk Kahramanı) epopesinden "Kargaboylu Kaztugan" destanının özellikleri incelenmiştir.

Б. КЕРІМБЕКОВА,

С. Демирел университетінің
аға оқытушысы, ф.ғ.к.

ҚАЗІРГІ ҚАЗАҚ ПОЭМАЛАРЫНДАҒЫ ІЗДЕНІСТЕР

(Ақын Серік Ақсұңқарұлының «Жарылғаннан қорқамын» поэмасы негізінде)

XX ғасырдың ортасы мен ХХІ ғасырдың басындағы қазақ поэмалары ұлттық дүниетанымды дамыта, кеңейте жырлауымен ерекшеленеді. Әдебиеттің белсенді жанры болып саналатын поэзияның дамуына қоғамдағы әлеуметтік-саяси өзгерістердің белгілі дәрежеде ықпал ететіні заңдылық.

Қазақ поэзиясын «XX ғасырдың жиырма сәті», «Адам ата – Науа ана», «Төбемнен жауһар жауып тұр» атты жыр жинақтарымен байытып, оқырмандарын өзгеше ойлауымен қызықтыратын ақын Серік Ақсұңқарұлының «Қызыларай колхозының баласы» (автобиографиялық поэма-хроника), «Клеопатра», «Қағайық, есікті» (поэма-реквием), «Моцарт пен Сальери» (поэма-синдром), «Тас кітабы» (поэма-эссе), «Қабіріңе қоям

бес шоқ кара гүл” (жыр-хамса), “Автопортрет” (жыр-хамса), “Адам Ата – хауа Ана” (поэма-трагедия), “Жарылғаптан қорқамын” сынды бірнеше лирикалық поэмалары бар. Жоғарыда көрсетілген поэмаға қатысты айқындауыштарды ақын С.Ақсұңқарұлы өзі ұсынады. Біз сөз еткелі отырған “Жарылғаптан қорқамын” поэмасын автор поэма-ирония деп көрсетіпті. Қазақ әдебиетінің тарихында поэманың қалыптасқан сюжетті поэма, лирикалық поэма, эпикалық поэма, лиро-публицистикалық поэма, т.б. сынды үлгілері бар. Байқап қарасақ, автор поэмалары поэманың дәстүрден тыс, жаңа үлгілері. Бұл ретте Ж. Толысбаеваның: “Қазіргі поэма тарихи-әдеби және теориялық аспектіде толық зерттеліп болған жоқ. Әдебиет жаңғырған типтегі поэмалардың үлгілерін енді ғана қарастыра бастады” [1, 266], – деген пікірімен толығымен келісеміз.

Ақын С. Ақсұңқарұлының “Жарылғаптан қорқамын” поэмасы – шағын сюжетке құрылған лирикалық поэма. “Лирикалық поэмаларда көбінесе, лирикалық кейіпкер орталық образдың міндетін атқарады. Яғни, автордың, ақынның өзінің сезім дүниесі, сырлары, жанын толқытқан өмір көріністері жинақталып, алдыңғы орынға шығады. Мұнда әдетте лирикалық шегіністер, лирикалық толқулар кең орын алады”, – дейді ғалым Ә. Нарымбетов өзінің “Қазіргі қазақ поэмасы” атты еңбегінде [2, 170]. Поэманың жанрлық ерекшелігіне байланысты болса керек, қазақ поэмаларының басым көпшілігі тарихи тақырыпты арқау ететін. Балауса жастығымен, шынайылығымен тәнті ететін бұл поэманың оқиға желісі бәрімізге бала күнімізден таныс – алғашқы махаббат тақырыбы. Бір қарағанда, таптаурын тақырыптай көрінері анық. Кімнің басында болмаған алғашқы махаббат?, – дерсіз мүмкін. Алайда, бір қызығы оқушы өміріне, олардың алғашқы сезім сырына арналған лирикалық өлеңдер көп болғанымен, поэма жанрында бұл тақырып көп қозғала қоймапты.

Қандай шығарма болмасын басты іс-әрекет кейіпкер характеріне құрылатыны белгілі. Оны әдебиеттануда лирикалық кейіпкер дейміз. Автор мен лирикалық кейіпкер ара қатынасының аражігін айыру мәселесін қарастыру аса күрделі. Бұл туралы З.Ахметов “Лириканы түсіну пайымдаудағы үлкен және жиі кездесетін қателік – ақын өз атынан айтқанның бәрін тек өзі туралы, өз басы жайында айтып отыр деп қарау, ол болғанды ғана емес, болатындығы да, өзіне ғана емес, өзгеге де тән көңіл-күйін сезіне, айта алатынын ескермеушілік” [3, 272], – деген болатын. Поэма кейіпкері: лирикалық кейіпкер, сыныптасы Бағдат, Бағдаттың, Бағдаттың ғана емес, бүкіл сынып ұлдары ұнататын сыныптас қызы Бәтима және мектеп мұғалімі Жарылғап.

Өлі есімде: ескі мектеп... Ақжарық...

Жас күнімнің елесі әлі жап-жарық.

Ағаш атта жүруші едік асыр сап

Шаршы топты шығамыз деп қақ жарып! [4, 76], –

деген поэманың басталуынан-ақ әңгіменің оқушы өміріне қатысы барын аңғарасыз. Ақын ішкі монологтың бір элементі болып табылатын еске алу, лирикалық шегініс пайдаланыла отырып, негізгі әңгімені лирикалық кейіпкерлердің жан толғаныстарымен байланыста өреді. “Әдебиеттанудағы еске алу тәсілінің өзіне тән формалық, көркемдік қызметінің өзі адам санасының бір түкпірінде тығылып қалған әртүрлі әсерлердің, ұғым-сенімнің, белгілі бір оқиға-бейнелердің ойға оралуынан ішкі жан әлемінде бір-біріне тәуелсіз, өзара сабақтас сезімдердің тууына себеп болары сөзсіз. Яғни, тұңғыық ойға берілудің алғашқы баспалдағы да” [5, 41]. Аталған әдіс оқырманын оқиғаның қалай өрбірін білуге ынтықтыра түседі.

Жүгірмектер ер жетуге асық боп,
Кедесінен көпке жалын шашыпты от.
Шулатып ек дүйім жұртты, хат жазып
Кластағы аруларға ғашық боп!

Есіңде ме, сондағы пәк құштарлық?
Бірақ... Бірақ – кездесіп бір іштарлық–
Бәріміз де бір-ақ күнде ғашық боп,
Бәріміз де бір-ақ күнде ұсталдық! [4, 77], – деп бірінші жақтан баяндалатын оқиғаға ақын мемуарлық сипат дарытқан. “Мемуарлық-өмірбаяндық бастау – қазіргі поэмалардың кеңістік-уақыттық ұйымдасуының ерекше сапасы болып табылады, ол шығарманың көркемдік мақсатын шектемейді, қайта керісінше, мәтінді жалпыға ортақ маңызға ие қылады”[1, 282]. Расында да, ақынның балалық шағына, сол кезеңнің жасөспірімдеріне өзінің ұнатқан қыздарына сезімін өлеңмен өрнектеп жеткізу ортақ қасиет еді. Міне, сондай жасөспірімнің бірі – Бағдат болатын.

Көрген жоқпын сендей аққу құсты мен!
Сенсіз ғұмыр – жалған елес... түс білем.
Ұшқыш болам - өзің үшін сонан соң
Алып кетем сені жердің үстінен!
Бұл – Бағдаттың өзінің сыныптасы Бәтимаға ғашық болып жазған өлеңі. Ақын кейіпкері бар болғаны 5 сынып оқушысы болғанымен, ерекше ойлауға ие. Баланың махаббаты арманымен тығыз байланысты. Махаббат оны үлкен мақсаттарға жетелейді. Алайда, сол кездегі Бағдаттың ісі қылмыспен тең болатын.

Дүр сілкінді Ақжырақта тау іші:
“Бұл баланың ісі емес – жау ісі!”
Гүж-гүж етіп құлағымда тұр әлі
Жарты құдай – Жарылғаптың дауысы.

– О, ұятсыз! Қалай-қалай соғасың?

Ал, ұшып кет... Қайда барып қонасың!

Он сегізге – балиғатқа толмастан

Қыз балаға қалай ғашық боласың! [4, 78].

Балалық, жастық шақтары Кеңестік кезеңде өткен кез-келген оқырманның сыныбында осындай “қылмыскерлердің” болғаны анық. Қызға ғашық болу – айып болғанымен, жырға ғашықтықтың айып еместігін Жарылғап сияқтылыр түсіне бермейтін.

...Самолетте хақың қанша, мұрын боқ?

Жаяу жүріп үйреніп ал әуелі!

...Қыз балаға хат жазатын қолыңды

Бір-ақ шауып тастайып ба балтамен?!– деген Жарылғап “мұрын боқтың” қолын балтамен шабамын деп қорқыту арқылы баланың арманына балта шапқаны ойына да кіріп-шықпайды. Поэмада автор Жарылғапқа тура мінездеме беріп, оның кім екендігіне, қандай адам екендігіне тәмпіштеп тоқталып жатпайды. Алайда, оқырман оны сөздерінен таниды.

Жалпы қазақ әдебиетінде поэманың бірнеше түрінің бар екендігін жоғарыда айтқанбыз. Ал енді ақынның поэма-ирония деп отырғаны қандай поэма? Көркем шығармаға мейлі ол прозалық, мейлі поэзиялық шығарма болсын ерекше бір өткірлік дарытатын, оқырманын бей-жай қалдырмайтын өтімді құбылтудың бірі – ирония. «Әдебиет танытқыш» атты еңбегінде А. Байтұрсынов иронияны «кекесіндеу» деп алып: «Сөздің тысқы мағынасына ішкі астыртын мағынасы қайшы келсе, кекесін болып шығады. Кекесінмен сөйлеуді кекесіндеу дейміз. Кекесіннің түрі толып жатыр. Бірақ толып жатқан түрін екі топқа бөлуге болады. 1. Зілсіз кекесін (ойын, қулық, қалжың, әзіл); 2. Зілді кекесін (мазақ, сықақ, мысқыл, келемеж, келеке, әжуа)» [6, 50], – дейді. Ирония бастауын антикалық риторикадан алатын эстетикалық категория. Әдетте сөздің, не сөйлемнің сыртқы құрылысына ішкі мазмұны қарсы келіп, өзі келеке ретінде айтылса, ондай сөзді ирония дейді.

– Екінші рет қыздарға арнап ағатай,

Ант берейін, хат жазбаймын мәңгілік!!!

Кешіріңіз, жаңылдым...,– деп өтінді

Аяп кеттік сонда сол бір жетімді.

Бірақ...Мынау Жарылғабың ешқашан

Махаббатты... Кешірмейтін секілді!

Поэманың осы бір жолдарында ирония өзге жолдарға қарағанда анағұрлым өткір, анағұрлым улы.

Зіл-ашуы – немененің желігі,

Көргенім жоқ мұндай озбыр керіні.

– Сен, шық! – деді бір кезде ол баж етіп–

“Ер Төлеген! Ақсұңқардың Серігі!

Ақын поэмада бірде баяндаушы, енді бірде баға беруші әрі оқиға кейіпкері. Ақын Серік сол сәттегі бала Серіктің ішкі толқынысын былайша суреттейді:

Көкірегімнен күңіреніп бір күй ақты,

Сүйретіліп мен де шықтым. Ұят-ты:

Мойынына қара таңба басылған

Хунбэйбиннің құрбандары сияқты.

Поэмада өмірбаяндық элементтер бар. Ақын өзінің басынан кешкен кішкене бір оқиға арқылы өз құрдастарының сезімін танытады.

Тұрдым боздап! Он үштегі төл едім...

Күнәм үшін көз жасымды төледім.

әлі есімде, Бәтимаға ғашық боп

сонда жазған ең алғашқы өлеңім!

“Жұмбағымды шешші! Мынау хош таңда

Айналсақ қой айырылмас достарға.

Не болады – сенің жұмыр жүрегіңе

Менің жұмыр жүрегімді қосқанда?! [4, 78], ”

Суреткердің иронияны өмірде, тұрмыста кездесетін келеңсіз, оқыс жәйттарды көрсете отырып, адам мінезінің сырын ашу үшін пайдаланатыны белгілі. Бұл кейіпкердің дара характерін ашуға мүмкіндік береді. Мұнда да ақын ирониясы Жарылғаптың ішкі болмыс-бітімін ешбір суреттеулерсіз тануға мүмкіндік береді.

Дүр сілкінді Ақжырақта тау іші:

“Бұл баланың ісі емес – жау ісі!”

Гүж-гүж етіп құлағымда тұр әлі

Жарты құдай – Жарылғаптың дауысы.

Дәл осы бір шумақ бүкіл поэманың лейтмотиві іспеттес. Ақын осы шумақты поэманың басында да, соңында да ешбір өзгеріссіз қолданады. Бәрімізге белгілі, “Қайталау - сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аударғысы келген нәрсені не құбылысты бірнеше мәрте қайталап, айтар ойды, ұқтырар сырды ұғымға мұқият сіңіре түсу”[7, 229]. Ақындық идеясы мен айтпақ ойына ерекше салмақ сала, әсерлі етіп жеткізу үшін ақындардың жеке сөздер мен сөз тіркестерін қайталай жұмсауы поэзияда бұрыннан бар тәсіл болғанымен, оны әр ақынның қолдану әдісі әр басқа.

Тағы да Жарылғап дауысы:

– Өзің айтшы, тез түлеген түлегім!

Түсініксіз түтеп тұр ғой түр-өңің?

Не болады – сенің жұмыр жүрегіңе

Қосқан кезде... оның жұмыр жүрегін?

У-ду күлкі... Тұрмын мәнін танымай,

Жарылғаптың қағынды алған қанын-ай!
Шапалағы зілдей екен, жалт етіп
Жақ отымды жарқ еткізді! Жаным-ай...
Жарылғап образы ашыла түседі. Надандығымен қатар қатыгездігі көрінеді.

...Қолхат бердік Жарылғапқа жалынып,
“Қыздарға хат жазбаймыз, – деп мәңгілік”.

...Қыздарға арнап хат жазғанда бар шыным,
Содан бері Жарылғаптан қорқамын!

Л.Н.Толстой әдебиет жайлы бір пікірінде: “Өнердің басты мақсаты – адам жанының жай сөзбен жеткізе алмайтын құпиясын жеткізу» [8, 310], – деген екен. С. Ақсұңқарұлы иронияны көркемдік тәсіл ретінде ала отырып, бала жанының құпиясын, жүрек түкпірінде жылдар бойы сақталып келген ішкі сырын ашады. Бұл мүмкін, расында да, ақын басында болған оқиға болуы мүмкін, бәлкім бұл ақындық тәсіл, көркемдік құрал. Қалай десек те, ақынның қазақ поэмасында көп қозғала қоймаған тақырыпқа өзінше сүрлеу салғаны анық.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Толысбаева Ж. Поэзия жанрлары: тарих және жаңа заман тәжірибесі. Семей, Талант. 2008. -386 бет.
2. Нарымбетов Ә. Қазіргі қазақ поэмасы. – Алматы: Жазушы, 1982. – 248 б.
3. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. – Алматы: Мектеп. 1973. – 212 б.
4. Ақсұңқарұлы С. Адам Ата – хауа Ана: рух кітабы. Алматы: Қазақстан. 2000 ж.
5. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем). – Алматы: Алаш. 2003. – 328 б.
6. Байтұрсынов А. Әдебиет танытқыш. – Алматы: Атамұра. 2003.
7. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті. 1992. – 352 б.
8. Толстой Л.Н. Полное собрание сочинений. – М.: Просвещение, 1955. – Т 13. – 473 с.

Резюме

В статье анализируется новаторство и новизна современной казахской поэмы. Впервые рассматриваются идейно-художественные особенности поэмы С. Ақсұңқарұлы «Жарылғаптан қорқамын».

Summary

This article is mainly about artistic peculiarities of S. Aksunkaruly's poem “Zarylgaptan korkamyn”.